

Дәріс № 15. Жаһандық саясат және мүмкіншіліктер.

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі жаһандық саясат және жаһандық мәселелер
2. Жаһандық саясат және мүмкіншіліктер.

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін жаһандық саясат, басқару және е-үкімет ұғымдарын танымын жасай алады. Ұлт шекара ұғымдарының транс/арғы жағы/асты/үсті жұрнақтарының қолдану аясы жайыла түсуі. Вестфалия егемендік ұғымының трансформациясын түсіндіре алады. Қатысу және демократияланудың жаһандық саясаты қалай мүмкін екенін шеше алады. Халықаралық ұйымдардың, ТНК және жаһандық үкіметтік емес халықаралық саясатты жаһандық саясатқа трансформациялаушы ролін зерделей алатын білім мен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, жаһандық саясат, ұлыс мемлекет, шекара, егемендік, қоғамдық-жеке сала бөлуі, халықаралық жүйе, халықаралық саясат, халықаралық ұйым, (жақсы/жергілікті/жаһандық) басқару, демократиялану, субсидиарлық, е-үкімет, ТНК, жаһандық, үкімет емес ұйымдар, жаһандық терроризм, индивид туралы түсінікке ие болады.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні: 1. Қазіргі жаһандық саясат және жаһандық мәселелер

Жаһандық тәртіптер мен қатынастар үнемі өзгерісте. Әрбір мемлекет осы жүйеден өз орнын алуға тырмысады. Адамзаттың жалпы дамуы барлық мемлекеттер еріксіз есептесетін ортақ заңдылықтарды және даму тенденцияларын тудырады.

Жаһандық тәртіптерге жаһандық экологиялық өзгерістер, соғыстар қаупі, ядролық қауіпсіздік, азық-түлік тапшылығы, жаһандық ортақ ақпараттану, түрлі індет аурулары, индустриалдық-техникалық ортақтану, техногендік катастрофалар, халықаралық терроризм, наркотрафик, халықаралық заңсыз қару сату, халықаралық қылмыскерлік, адамдарды құлдыққа сату, діни экстримизм т.б. жаһандық қауіптер мен қайшылықтар үздіксіз өз ықпалдарын тигізіп отырады.

Ашық, ақпараттық, технологиялық қоғамдар құру жағдайында аталған қауіптер әрбір халыққа, әрбір мемлекетке және олардың азаматтарына өздерінің әсерін тікелей, немесе жанама түрде тигізеді. Жаһандық қауіптердің шиеленісуі жаһандық экономикалық, қаржылық дағдарыстарға себеп болуда. Жаһандық дағдарыстардан әрбір мемлекет зардап шегеді. Сондықтан әрбір мемлекет жаһандық дамудың ортақ мәселелерін шешуге мүдделі. Бірақта, қандай қуатты болмасын жеке бір мемлекет жаһандық мәселелерді шешуге қауқарсыз. Жаһандық қауіптер мен қайшылықтарға қарсы барлық мемлекеттердің бірлескен әрекеттері мен ортақ шаралары қажет. Жаһандық саясат мәні осындай зәруліктен туындайды. Жаһандық саясат-халықаралық қатынастар субъектілерінің, саяси акторлардың жаһандық мәселелерді, қауіптерді және қайшылықтарды бірлесіп шешуін ұйымдастырудың жолдары, бағыттары және әдістері болып табылады. Жаһандық саясат жаһандық мазмұндағы саясат. Себебі ол барлық халықтар мен мемлекеттерге ортақ саяси шындыққа тікелей қатысты.

Жаһандық саясат көпқабатты және көпжақты құбылыс. Себебі оның қызметі жаһандық өзгерістердің және жаңа құбылыстардың тууына байланысты. Мысалы, ғаламшардың жаһандық жылынуы әлем халықтарына түрлі табиғи апаттар әкелуде. Сондықтан өндірістің зиянды қалдықтарын азайтуға әрбір мемлекет мүдделі деп есептеледі. Алайда көпшілік мемлекетер өздерінің, капитал мүдделеріне әлі де болса басымдылық беруде. Өндіріс дамуда, зиянды қалдықтар өсе түсуде. Ал, жаһандық саясат адамзатты сақтау үшін әр ел өзінің эгоистік, ұлттық мүдделеріне тиым салу қажеттілігін талап етуде.

Жаһандық саясат мақсаты мемлекеттерді ғаламшарлық ортақ мәселелерді ұжымдық шешуге ұйымдастыру, олардың арасында бейбітшілік пен татулықты сақтау. Басым

державалардың және трансұлттық компаниялардың ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерін ортақ арнаға бұру. Жаһандық саясаттың түпкілікті, көкейтесті міндеті-адамзаттың өмір сүруіне жағдай жасау арқылы, оның тіршілігін қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңде жаһандық басым державалардың саяси элиталары жаһандық саясат міндеттерін шешпейінше ешбір мемлекетте келешек болмайтындығын түсінуде.

Демек саясат мәнін ұғыну үшін халықаралық саясат бағыттарын, оның қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын білу маңызды. Сондықтан саясаттану пәні студенттердің жаһандық саясат туралы кең көлемде түсінігін қалыптастыру зәрулік деп біледі. Себебі, халықтар мен мемлекеттердің тарихи тағдырлары бір-біріне байланысты және тәуелді. Олардың өзара қатынастары мемлекетаралық деңгейде, халықаралық ұйымдар арқылы, трансұлттық корпорациялар, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар т.б. жаһандық саяси процесс субъектілері арқылы өтеді. Жаһандық саясат акторлары қызметтері адамзаттың сақталуы мен өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейді.

Әсіресе ядролық және жаппай қыру қаруларының басқа түрлерін қолдануға, сынауға тиым салу, оларды таратпау, сатпау мәселесін әлем мемлекеттері бірлесіп шешу қажеттілігін түсініп, ортақ шаралар жасай бастады. Жаһандық саясат соғыс қаупіне қарсы халықтардың және мемлекеттердің бірлесіп күресуі қажеттілігін сезінуден басталады десек қателеспейміз. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жаһандық жақындасу, бірлесу, ортақтасу, мүдделердің тәуелділігі сияқты үдерістердің күшеюі тереңдей берді. Ортақ экономикалық, сауда, транспорт пен коммуникация ғылым мен ақпарат байланыстары халықтар мен мемлекеттерді өзара тәуелді ете түсті. Өзара келісіп, ортақ мәселелерді бірлесіп шешу міндеттері зәрулікке айналды. Жаһандық жаһандану үдерісі тек объективті ғана емес, түрлі субъективті факторлар ықпалымен жылдамдай берді. Жаһандық деңгейдегі ортақ мәселелер жүйесінің қалыптасуы XX ғасырдың 70-80 жылдарында нақты нәтижелерін беріп жаһандық жаңа тәртіптер қалыптасты. Адамзат өркениетті бір сапалық деңгейден, екінші мүлдем жаңа сапалық деңгейге ауысты. Жаһандану үдерісі XXI ғасырдың бастапқы кезеңінде бұрынғыдан да әлеуетті бола түсті. Жер шары халқының саны 2010 жылғы 6,8 миллиард болса 2025 жылы 11 млрд. адамға өсуі болжануда. Өкініштісі халық өсуі тіршілік ортаның ластануымен қатарласа жүруде. Адамзаттың осылайша өсуі міндетті түрде экологиялық катастрофаға әкеледі деп есептейді сарапшылар.

Адамзаттың дамуы демографиялық дағдарыс, экологиялық қыспақ, азық-түлік тапшылығы сияқты дәстүрлі қауіптер мен қайшылықтарға қосарласқан жаңа қауіптерге душар болуда. Олар ядролық қарулардың және басқа да жаппай қыру қаруларының бақылаусыз таралуы, халықаралық терроризм, түрлі індет ауруларының жаңа түрлерінің қауіптері, адамдарды құлдыққа сату, жасырын миграция, аштық (әлем халқының 1 млрд. адамы қазір ашығуда), экстремизм, наркотрафик т.б. қауіптер мен қайшылықтар. Әлемдегі бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуына зардаптарын тигізетін осы қауіп-қатерлерден келетін шығындарды азайтуға бағытталған тиімді де күшті саясатты басқа мемлекеттермен үйлестіре отырып жүргізуге әлемнің әрбір мемлекеті мүдделі.

Қазіргі жаһандық саясатқа қатыналатын негізгі акторлар: егеменді мемлекеттер, мемлекетаралық ұйымдар, халықаралық үкіметтік, немесе үкіметтік емес ұйымдар болып табылады. Сонымен қатар қазіргі халықаралық қатынастардың белсенді акторлары, яғни қатысушылары түрлі мемлекеттер блоктары (НАТО, ОДКБ, СЕАТО, СЕНТО, АНЗЮС), интеграциялық топтар (ЕО, ТМД) мемлекетаралық бірлестіктер (ШЫҰ, БРИК) т.б. халықаралық ұйымдар өздерінің мақсаттары мен тәуелсіздіктерін сақтай отырып жаһандық саясатқа қатысады және жаһандық мәселердің шешілуіне ат салысады.

Мемлекеттің шеңберінен тыс мәселелерді сол елдің сыртқы саясаты шешеді, айналысады. Қазіргі өзара байланыстағы дүниеде ұлттық мемлекеттер жаһандық қатынастарда өздерінің мүдделерін қорғау мақсатында басқа мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар жасау саясатын жүргізеді. Ол саясат арқылы экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, ақпарат т.б. салалардағы байланыстар жүреді. Сонымен бірге,

жаһандық қатынастарды реттеп отыратын бір жеке орталық жоқ. Барлық мемлекеттерді байланыстыратын жаһандық саясатты жасаушыда орталық жоқ. Жаһандық саясат мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарынан стихиялы түрде қалыптасқан құбылыс. Жаһандық саясат принциптерін негізінен тең құқықтағы мемлекеттер өзара қарым-қатынастары барысында жасайды. Бірақта, мемлекеттердің қатынастары әр-түрлі. Елдің ішкі жағдайындағы сияқты жаһандық саясатқа мүдделер мен күштердің қайшылықтары ерекше ықпал жасайды. Жаһандық тәртіптер мемлекеттердің ғана емес жеке адамдардың өмірі мен тағдырына өзінің әсерін тигізіп отырады. Жеке адам жаһандық қауіптердің құрбаны болуы ықтимал. Сонымен қатар ол жаһандық ақпараттық жүйелердің өнімдерін міндетті түрде пайдаланып отырады. Демек жаһандық саясат пен жаһандық тәртіптер жеке тұлғаның өмірінде белгілі дәрежедегі ықпалға ие.

Қазіргі жаһандық саясаттың түрлі деңгейлері макро, мего, микро деңгейлері өзара байланысып біріне – бірі күшті ықпал жасап отырды.

Жаһандық саясат, жеке мемлекеттердің саясатының жәй ғана жиынтығы емес. Ол жекелеген халықаралық қатынастар субъектісінің де саясатына сыймайды. Сонымен қатар жаһандық саясат халықтар мен мемлекеттердің ортақ, жалпы мақсат-мүдделерін тоқайластырып, түйістіріп халықаралық қатынастардың барлық элементтеріне өзінше жеке әсер етеді. Жаһандық саясаттың барлық элементтері бірімен-бірі байланысты, өзара тәуелді бола отыра біртұтас құбылыстың жеке бөлшектері ретінде қызмет істейді. Жаһандық саясаттың тиімділігі оны жасайтын мемлекеттердің ортақ қауіптерді түсіну дәрежесіне, жағдайды түзетуге бағытталған белсенді саясат ұстануына байланысты. Мемлекеттің сыртқы саясаты әлемдегі болып жатқан өзгерістерге жауап бере алуының маңызы зор. Жаһандық шындықтарға нақты, әділетті бағасын беру арқылы мемлекеттер өздерінің қызметтерін үйлестіруге мүмкіндік алады. Жаһандық қауіптер мен қайшылықтарды бағалауда ортақ мәселеге келу арқылы мемлекеттер олардың бетін қайтарудың біріккен шараларын жасау саясатын күн тәртібіне қояды.

Жаһандық саясатты ішкі саясат сияқты орталықтанған билік басқармайды.. Сондықтан жаһандық саясатқа қатысушы акторлар жаһандық шындықтарға сәйкес өз беттерінше қызмет етеді. Сондықтан жаһандық саясаттың тәуекелі көп. Жаһандық саясаттың бір субъектісі екінші субъектісінің не істеп жатқандығын да біле бермеуі мүмкін. Әр мемлекеттің сыртқы саясаты сол елдің ұлттық мүдделерінен туындайтын нақты және анық міндеттер болса жаһандық саясат субъектілерінің қызметі стихиялы жүреді. Оның бағыт-бағдарын анықтап, әрбір субъектінің шешетін мәселелерін белгілеп отыратын жаһандық саясаттың орталығы жоқ. Жаһандық саясат-әлем мемлекеттерінің жаһандық қауіптерімен мәселелерді бірлескен күшпен шешу қажеттілігін түсіну құбылысы. Әр мемлекет өзінің қуатына және мақсаттарына қарай жаһандық тәртіптерге ықпал етуді көздейді. Адамзаттың тағдырының ортақтастығын түсіну, жаһандық қатынастарды бейбіт жолмен реттеуге құлшынысты тудырады. Өзара жауласу, теке-тірес, күш көрсету, басқа әлсіз мемлекеттерге зорлық жасау жаһандық тәртіптерге қауіпті екендігі халықтар түсіне бастады.

Сол себепті жаһандық саясат жаһандық тәртіптерді реттеуші ерекше саясат түрі болып табылады. Жаһандық саясат принциптерінің жалпылық сипаты бар дедік. Бірақта оларды орындауға әрбір мемлекет міндетті емес. Халықаралық нормалар мен құқықтары белгілейтін құжаттарға қол қойған мемлекеттер ғана өз міндеттерін жаһандық қауымдастық алдында орындап отыруға міндеттеме алады.

Жаһандық саясаттың күнделікті мақсаты - жаһандық тәртіпте бейбітшілікті, тұрақтылықты, демократияны сақтау. Сонымен қатар оның көздегені жаһандық саясатқа қатысушы субъектілердің барлығының мүдделі тоғысатын халықаралық орта жасау. Мүдделердің ортақтастығы, адамзатты сақтауға деген зәрулік көптеген мемлекеттердің жалпыадамзаттық мүдделердің басымдылығын мойындауына әкеліп отыр.

Сонымен қатар жаһандық саясатты жаһандық билік үшін күресетін, жаһандық тартыстардан, әрбір елдің өздеріне тән геосаяси күрестерінен, түрлі бәсекелестіктер мен

мүдделер қайшылығынан тысқары алып қарасуға болмайды. Жаһандық саясатта АҚШ, Қытай, ЕО, Ресей сияқты алпауыт мемлекеттердің үстемдігі байқалады. XX ғасырдың 50-90-шы жылдары мысалы, жаһандық саясатта екі басым полюс АҚШ пен Кеңес Одағы болды. Кеңес Одағы күйрегеннен кейінгі XX ғасыр аяғы мен ХХІ басы бір полюстік жаһандық саясат болды. Ол АҚШ-тың басым болуымен сипатталады. Ал, 2005-2010 жылдардан бастап жаһандық саясатта көпполюстік қатынастар басым болуда. жаһандық қатынастарды айқындаушы күштер қатарына жоғарғы аталған мемлекеттермен қоса Үндістан, Жапония, Бразилия сияқты жылдам дамушы елдер ықпалы арта түсуде. Әлемдегі өзгерістер үздіксіз процесс. Онда ұдайы жаңа, табиғаты күрделі құбылыстар пайда болуы заңдылық. Жаһандық саясат субъектілері осы жаһандық өзгерістерді, мәселелерді, қайшылықтарды танып білуге және оларды шешу ісіне, немесе қауіптерді азайту шараларына әлем мемлекеттерін жұмылдырып отыруға міндетті.

Жаһандық тәртіптерді реттеп отыратын Жаһандық Үкімет құру жоспары әзірше футурологтардың ғана ойларында. Бірақта, жаһандық мәселелер мен тәртіптердің өзгеруіне жаһандық қауымдастықты дайындайтын БҰҰ, ЕЫҚҰ, АЕО, Ислам конференциясы сияқты халықаралық ұйымдар бар. Олар жаһандық саясаттың негізгі принциптері мен бағыттарын әлем мемлекеттеріне танытуға және мойындатуға ат салысып келеді. Бірақта, әзірше бірде бір халықаралық ұйым әлем мемлекеттеріне міндетті шараларды іске асыруға мәжбүрлей алып отырған жоқ. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен болатын санкциялардың өзінің орындалуы ойдағыдай емес. Әлемде әділетті тәртіптер орнады деп айтуға ертерек.

Демократиялану (грек. *demos* – халық және *kratos* – билік) – саяси жүйенің өзгеру түрі (модернизация); азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарының кеңеюімен, саяси және идеологиялық плюрализмнің пайда болуымен, халықтың саяси өмірге араласу түрлерінің көбеюімен, мемлекеттік биліктің орталықсыздануымен, билікті бөлу принципінің жүзеге асуымен және азаматтық қоғамды орнатумен сипатталатын саяси процесс. Демократияға өтудің негізгі фазаларын қарастыра отырып, Д. Растоу, демократия генезисі үшін бірқатар факторлар: ұлттық бірлік сезімі, тұрақты шиеленістің болуы және демократиялық процедураларды саналы түрде сайлау қажет дейді. Сонымен қатар, саяси элита да, қоғам да саяси өмірдің жаңа ережелерін меңгеруі керек. Демократияға өту оңай және тез болмайды, бұл процесс түрлі қақтығыстар мен дағдарыстарға толы. Саяси жүйе құрылымындағы өзгерістердің институциялануымен қатар, адам санасына, олар үшін жаңа болып табылатын құндылықтар, нормалар және мінез-құлық образдары сіңу қажет және бұл үшін ұзақ уақыт қажет. ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Алексис де Токвиль, «демократиялық революциядағы» қайшылықтарды сараптай отырып, демократиялық жүйеге жылдам өтудің қауіптілігін көрсетті. Оның ойынша, саяси еркіндікке үйренбеген халық арасында теңдік орнату көпшілік тираниясына (жеке-дара тираниямен арасы бір-ақ кадам) алып келеді. ХVІІІ ғасырдағы француз революциясынан және ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі Ресейдегі революциядан кейін елде тоталитарлы саяси режимнің орнауы осы қағиданың дұрыс екенін көрсетті. С. Хантингтон ұсынған «демократияның үшінші толқыны» концепциясына сәйкес, бұл процесте демократиялық режимге өту көлемінің үлкеюі мен кішірею кезеңдерін ерекшелеуге болады және бұл жағдайда демократизация процесі, әлемнің барлық саяси жүйелерін басып ала алатын жаһандық процесс ретінде қарастырылады. Бұл процессті, жаһандық көлемде талдай отырып, Э. Гидденс, қазіргі заманда «демократия парадоксінің» пайда болатынын айтады. Оның мәні мынада: демократия бүкіл әлемге тарап жатқан кезде, дамыған демократиялық мемлекеттерде демократиялық процестерден түңілу басталады, себебі дәстүрлі демократиялық басқару механизмдері жаңа өмірлік жағдайларға сай емес (постиндустриалды әлемге тән, икемділік пен динамизм). Басқарудың бұрынғы тетіктері басқарушылар қол жеткізетін ақпаратқа қарапайым азаматтар да қол жеткізе алатын қоғамда жұмыс істемейді. Сондықтан Гидденстің пікірінше, демократияның өмір сүруін қолдау үшін демократияның демократиялануы қажет және мұндай демократиялану тек

дамыған демократиялық мемлекеттерге пайдалы болып қалмай, жаңа демократияның дамуына алып келуі мүмкін. Осылайша, Гидденстің ойынша, Ресейде, бұрынғыдан қалған мықты «авторитарлық обертондардың» сақталуы әсерінен ашық және демократиялық қоғамды «жоғарыдан» құру мүмкін емес, оны азаматтық мәдениетті дамыту арқылы құру керек.

Субсидиарлық - (subsidiarity) *мемлекеттік және беймемлекеттік құрылымдардың әлеуметтік сектордағы өзара іс-қимылын заң шығару жолымен реттеу*. Субсидиарлық принципі - мемлекет және т.б. институттардың қызметі мен ұйымдастыру принципі, бұл қағидатқа сәйкес жоғарғы органдар төменгі органдар шеше алмайтын міндеттерді мойнына алады. Жоғарыда тұрған органдар төменде тұрған органдардың дербестігіне және жауапкершілігіне қолдау көрсетуі керек. Мемлекетті құруға қатысты субсидиарлық шектен шыққан орталықтандырылуға қарсы бағытталған. Бұл принцип ГФР мемлекеттік құрылысында пайдаланылған.

е-үкімет: «Электрондық үкімет» (e-Government) термині барлық мемлекеттік органдардың басын біріктіріп, оларға интернеттің, электронды терминалдардың немесе тіпті ұялы телефондардың көмегімен тұрғындарға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін біртұтас жүйені білдіреді. Жеке тұлғаларға ғана емес, компания мен кәсіпкерлерге де. Мұнда мемлекет, бизнес және азаматтар арасындағы өзара қарым-қа тынасты электронды үкімет ішіндегі G2C (мемлекет-азаматтар) G2B (мемлекет-бизнес) және G2G (мемлекет-мемлекет) деп аталатын негізгі модельдер атқарады. Электрондық Үкімет жүйесі ең алғаш 1991- жылы АҚШ-та құрылды. Ал Еуропада сол өткен ғасырдың соңында пайда болды. Электрондық үкімет жобасын Ресейде енгізген сарапшылардың пікірінше, бұл идея биліктің негізгі үш проблемасын шешеді. Біріншіден, электронды құжат айналымын енгізу арқылы бюрократиялық кедергілерді жояды, шешім қабылдауды тездетеді. Екіншіден, қарапайым азаматтар және бизнес әкілдерінің билікпен арақатынасын жақындастырады. Үшіншіден, мемлекеттік және муниципалдық басқаруға неғұрлым ашықтық, жариялылық енгізеді. Қазақстанда электронды үкімет құру идеясын Мемлекет басшысы өзінің республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енгізу туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында білдірген болатын. 2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті ендіру туралы «Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президент Жарлығымен бекітілді.

ТҰК(ТНК) - Алғашқы трансұлттық компаниялардың пайда болуын XVII ғасырға жатқызады, алайда зерттеушілердің көпшілігі бұл кезең XIX ғасырдың аяғы деп есептейді. Алғаш пайда болған ТҰК-дың қызметі көп жағдайда бұрынғы отарларының шикізат ресурстарын өңдеуімен байланысты еді, ал бұл өз кезегінде оларды отаршылық-шикізаттық ТҰК деп анықтауға негіз береді. Қалыптасқан күндерінен бастап трансұлттық компаниялар халықаралық еңбек бөлінісі эволюциясы, сонымен қатар өндіріс факторларының эволюциясы, интенсификациясы мен интеграциясының нәтижесінде көптеген өзгерістерге ұшырады. Трансұлттық компаниялар капиталдардың бірігуіне негізделетін диверсификацияланған монополиялар түрінде өндірістік қатынастардың халықаралық деңгейге бейімделуінің нәтижесі болып табылады, бұл ұлттық шекаралар шегінде ендігі уақытта адекватты түрде дами алмайтын өндіріс факторларының дамуына кеңістік қалыптастырады. Шығу тегі жөнінен трансұлттық компаниялар бұрынғыға қарағанда интернационалды болып табылады. 1970 жылдың өзінде БҰҰ белгілеген 7 мың ТҰК-дың жартысынан көбі екі ел – АҚШ пен Ұлыбританиядан болса, бүгінгі таңдағы 80 мың ТҰК жартысынан көбі әлемнің оншақты елдерінің еншісінде, ал ірі ТҰК басқарушы мемлекеттердің қатарында Қытай (Ганконг), Үндістан, Бразилия, Аргентина, Корея Республикасы және т.б. бар. Негізінен олар электрондық және электротехникалық өнеркәсіп, жанармай-энергетикалық сектор, химиялық-фармокологиялық өнеркәсіп, машина жасау, ұлетіру салаларына жатады. Трансұлттық компаниялар – жаһандандудың

себебі, сонымен қатар нәтижесі де болып табылады. Трансұлттық корпорация, Ұлтаралық корпорация — келісілген саясат пен ортақ стратегия жүргізуге мүмкіндік беретін шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес екі немесе одан көп елде жұмыс істейтін бөлімшелері бар, орналасқан еліне, меншік нысанына тәуелсіз, жекеше, мемлекеттік немесе аралас кәсіпорын; шетелге тікелей қаржы (инвестиция) салушы фирма. Трансұлттық корпорацияның қай елдікі екені оның штаб-пәтері орналасқан ел бойынша анықталады. Төлем балансы тұрғысынан шетелдік кәсіпорынның кез келген несие беруі немесе акцияларды (жарғылық капиталдағы жарнапұлды) сатып алуы шетелдің тікелей қаржы салуына жатады. Трансұлттық капиталдың артуы – бұл бір елден екінші елге тікелей шетел инвестициялары арқылы өндіріс үдерістерінің бөлігін ауыстыру үрдісі. Мәселен он жетінші ғасырдағы голландықтар мен Үндістандағы ағылшын компанияларын қарастыруға болады. Мұнда трансұлттық компаниялардың сипатына тән қасиеттер орын алуда. Алайда трансұлттық компаниялардың таралуы тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Джон Стопфорд өз еңбегінде бұл үрдістің себептеріне түсінік береді:

«Бүкіл әлемдегі мемлекеттік бақылаудың тоқтатылуы мен нарықтың либерализациялануымен қатар ақпараттық технологиялардағы аванстар трансұлттық корпорациялардың өсуіне себеп болды». Соғыстың аяғына қарай трансұлттық корпорациялардың саны шамамен 7,000 болатын болса, жүзжылдықтың аяғына қарай олар 63,000 астам шамаға ие болады. Олардың активтерінің өтімділігі соншалықты, мәселен, Мобильдік Еххон шамамен ең төмен 70 елдердегі (шамамен 192 елдерді ішінен) ЖІӨ-нен жоғары құндылыққа ие. Ақпараттық революцияның көрсеткіші ретінде Apple компаниясының өте жылдам қарқынмен өсуін айтуға болады. Ол 2012 жылдың ақпан айында трансұлттық корпорациялардың арасында алдыңғы қатарға ие болды. Трансұлттық корпорациялардың тек экономикалық күшке емес, сонымен қатар саяси, әлеуметтік күшке ие болуын көруге болады. Бұған мысал ретінде Мобильдік Еххон экономикалық күшпен қатар (өз елінде лоббиге ие болуымен қоса) экстраординарлық саяси әсерге ие, әсіресе Таяу Шығыста.

Елеулі кемшіліктерге қарамастан жаһандық саясат өркениетті адамзат пен дамыған мемлекеттер ықпалымен біртіндеп ізгіленіп, гуманизацияланып келеді. Ол адамдарды ұлттық, нәсілдік, мемлекеттік, әлеуметтік-таптық тегіне қарамастан жаһандық мәселелерді бірігіп шешуге бастап келеді. Адамдардың бостандығы мен теңдігіне негізделген жаһандық саясаттың қазіргі мақсаттары: халықаралық қауіпсіздік жүйесін жасау, мемлекетаралық қатынастарда күш көрсету, зорлыққа жол бермеу, халықтар арасындағы сенім мен бейбітшілікке бастайтын қатынастарды қалыптастыру, жаппай қырып жоятын және ядролық қарулардың таралуына жол бермеу, әлемдегі қорқыныш пен үрейді, өзара жауласуды тоқтату сияқты жеке адамдар мен халықтардың бейбіт және тыныш өмір сүруін қамтамасыз ету. Ең бастысы жаһандық саясат жаһандық бейбітшілікті қамтамасыз етуге тиісті. Жаһандық басым державалардың әлсіз мемлекеттерге қарсы зорлыққа бармауының, ұлттық мүдделерін адамзаттың мүдделерге бағындыруының маңызы арта түсуде. Ол үшін әлем халықтарының, әлем азаматтарының бейбітшілік пен адам құқығы идеяларының платформасында топтасу қажет. Жаһандық саясат жаһандық қатынастар сияқты аса күрделі құбылыс. Оның ойдағыдай шешімін табуы тіптен қиын. Сондықтан әлем мемлекеттері мен халықтары жаһандық мәселелер мен қауіптерге қарсы жаһандық саясаттың тиімділігін арттыра беруге мүдделі. Онсыз жаһандық тыныштықты сақтау мүмкін емес.

Деңгейлік тапсырмалар:

1-деңгейдің сұрақтары. Трансұлттық компаниялардың халықаралық саясаттағы алатын орнын сипаттапайтыңыз.

Е-үкіметтің маңыздылығын түсіндіріңіз.

Жахандану дегенді қалай түсінесіз.

2-деңгейдің сұрақтары. Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттің ішкі саясатында, егемендігінде қаншалықты ролін алатынын түсіндіріңіз.

Жахандық терроризмнің халықаралық саясаттағы ролін түсіндіріңіз

Индивид дегенді қалай түсінесіз.

3-деңгейдің сұрақтары. Халықаралық саясаттың демократиялануы дегеніміз не? Оны қалай түсінесіз?

Демократиялану үдерісін қалай түсінесіз, мысалдармен түсіндіріңіз.

Субсидиарлық дегенді қалай түсінесіз, мысалдармен түсіндіріңіз.

БӨЖ тапсырмалары: Жахандық саясатта ұлт пен шекара ұғымдарының өзгеруі туралы
ОБӨЖ тапсырмалары. Астана клубы: Еуразиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmaзı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: İletişim Yayınlar